Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Ленин туы

ВК(б)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Кеңесінің және ВК(б)П Петропавл қаласың комитетінің газеті

Шығуына 26-шы жыл
№ 231
(6932)
1944 жыл
Сейсенбі
21 ноябрь
Жеке саны 20 тыйын

Егер Қызыл Армия өзінің Отан алдындағы борышын ойдағыдай орындап, немістерді совет жерінен қуып шыққан болса, бұл бүкіл еліміздің, еліміздің барлық халықтарының оған тылдан жан аямай жәрдемдескендігінің арқасы.

И. СТАЛИН.

Жоғарғы Бас қолбасшының БҰЙРЫҒЫ

1944 жылғы 19 ноябрь №225 Москва, Кремль

Жолдастар, совет артиллериясының артиллерияшылары мен минометшілері, инженерлері мен техниктері, офицерлері мен генералдары!

Бүгін совет адамдары Қызыл Армияның артиллерия Күнін мерекелеп отыр.

Бүгін бүкіл еліміз Қызыл Армияның негізгі екпінді күші ретінде артиллерияның зор маңызын атап көрсетеді.

Жаудың Ленинград пен Москва төңрегіне қарай ілгерілеуін Қызыл Армияның тоқтатуына көмектесіп, артиллерияның зор күш болғандығы мәлім.

Артиллерия Қызыл Армияның Ленинград пен Воронеж түбінде, Курскі мен Белгород түбінде, Харьков пен Киев түбінде, Витебскі мен Бобруйскі түбінде, Ленинград пен Минскі төңрегінде, Яссы мен Кишинев түбінде неміс әскерлерін талқандауын қамтамасыз еткен күш болды.

Отан соғысының аса зор ұрыстарында артиллерия өзінің қырата оқ жаудыруымен жаяу әскерлеріміз бен танктеріміздің жолын ойдағыдай тазартты, осының нәтижесінде Отанымыздың жерінен жау қуылып тасталды.

Қазіргі уақытта, Германияны жеңіп шығу жолындағы ақырғы шешуші ұрыстарда бүкіл Қызыл Армиямен бірлесе отырып совет артиллериясы жаудың адам күшіне, техникасы мен бекіністеріне қырата соққы беруде.

Совет артиллериясының ұрыс даласында жаудың артиллериясынан толық үстем болуға жеткендігі ,жауға қарсы сансыз көп ұрыстарда совет артиллерияшылары мен минометшілерінің мәңгі өшпес даңққа, ерекше ерлік және батырлық атаққа бөленгендігі, ал командирлер мен бастықтардың атыс ұрыстарын басқаруда жоғары шеберлік көрсеткендігі жұрттың бәріне мәлім.

Бұл еліміз орынды мақтаныш ете алатын табыс.

Жолдастар, совет артиллериясының артиллерияшылары мен минометшілері, инженерлері мен техниктері, офицерлері мен генералдары! Сіздерді артиллерия Күнімен құттықтаймын.

Қызыл Армия артиллериясының Отан соғысындағы шешуші табыстары құрметіне БҰЙЫРАМЫН:

Бүгін, 19 ноябрьде, артиллерия Күні, 19 сағатта Отанымыздың астанасы—Москвада, одақтық республикалардың астаналары мен Ленинград, Сталинград, Севастополь, Одесса, Хабаровскі, Новосибирь, Свердловскі, Горький, Молотов және Тула қалаларында жыйырма дүркін артиллерия оғы атылып, даңқты артиллерияшыларымызға Отанымыз атынан құрмет көрсетілсін.

Отанымыздың жауларының үрейін ұшырушы совет артиллериясы өмір сүріп, жасай берсін!

Жоғарғы Бас қолбасшы
Советтер Одағының Маршалы
И. СТАЛИН.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумында

Қызыл Армиядағы көп жылғы қызметі үшін наградтау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1944 жылғы 4 июньдегі Указы бойынша, бір топ маршалдар, генералдар мен офицерлер және кесімді мерзімнен тыс қызметтегі сержанттар Қызыл Армиядағы көп жылғы қызметі үшін ордендермен, медальдармен наградталды.

Наградталғандардың ішінде:

Советтер Одағының маршалдары—С. М. Буденный, А. М. Василевский, К. Е. Ворошилов, И. А. Говоров, Г. К. Жуков, К. Е. Конев, Р. Я. Малиновский, К. А. Мерецков, К. К. Рокоссовский, И. В. Сталин, С. К. Тимошенко, Ф. И. Толбухин, Б. М. Шапошников.

Артиллерия бас маршалы Н. Н. Воронов.

Авиация бас маршалдары —А. Е. Голованов, А. А. Новиков.

Авиация маршалдары—Ф. А. Астахов, Г. А. Ворожейкин, Н. С. Скрипко, Ф. Я. Фалалеев, С. А. Худяков.

Артиллерия маршалдары —Н. Н. Чистяков, Н. Д. Яковлев.

Бронетанк әскерінің маршалдары —П. А. Ротмистров, Я. Н. Федоренко.

Инженерлік әскердің маршалы М. П. Воробьев.

Байланыс әскерінің маршалы И. Т. Пересыпкин.

Армия генералдары—А. И. Антонов, И. Х. Баграмян, А. И. Еременко, Г. Ф. Захаров, И. И. Масленников, И. Е. Петров, М. А. Пуркаев, В. Д. Соколовский, И. В. Тюленев, А. В. Хрулев, И. Д. Черняховский.

Генерал-полковниктер —П. А. Артемьев, П. И. Батов, П. А. Белов, В. Е. Белокосков, И. В. Болдин, К. Н. Галицкий, В. В. Глаголев, Ф. И. Голиков, А. В. Горбатов, В. Н. Гордов, А. А. Гречко, Д. Н. Гусев, А. С. Жадов, А. С. Желтов, М. И, Казаков, М. П. Ковалев, К. А. Коротеев, Н.И, Крылов, П. А. Курочкин, Д. Д. Лелюшенко, К. С. Москаленко, В. С. Попов, Н. П, Пухов, М. А . Рейтер, П. Л. Романенко, П. С. Рыбалко, И. В. Смородинов, С. Г. Трофименко, И. И. Федюнинский, М. С. Хозин, В. Д. Цветаев, Н, Е, Чибисов, И. М. Чистяков, В. И. Чуйков, С.М. Штеменко, М. С. Шумилов, Е. А. Щаденко.

Танк әскерінің генерал-полковниктері — Н. И. Бирюков, С. И. Богданов, М. Е. Катуков, А. Г. Кравченко, И. З. Сусайков.

Авиация генерал-полковниктері—К. А. Вершинин, С. К. Горюнов, Г. Г. Гурьянов, С. А. Красовский, Н. Ф. Науменко, Н. Ф. Папивин, С. И. Руденко, В. А. Судец, Т. Т. Хрюкин, Н. С. Шиманов.

Дәрігерлік қызметтің генерал-полковнигі Е. И. Смирнов және басқалары бар.

Совет Хабаршы бюросынан

18 НОЯБРЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

18 ноябрьде Венгрияда әскерлеріміз бірнеше елді жерлерді, оның ішінде ГЕРНАД-НЕМЕТИ, ШАЙО-ЛАД, КИШ-ТОКАЙ, НОВА, АНДОРНАК, КЕРЕЧЕНД, КАПОЛПА, ДЕТК, ХАРТ, ТУРА, ВАЛКО қыстақтары мен КЮЛШЕ-БЕЧКАЛ, ЛУДАШ және ХАРТ темір жол станцияларын ұрыспен алды.

Майданның басқа учаскелерінде өзгеріс болған жоқ.

17 ноябрьде әскерлеріміз әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен душпанның 19 самолетін атып түсірді.

19 НОЯБРЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

19 ноябрьде Венгрияда әскерлеріміз ДЬЕНДЬЕШ қаласы мен темір жол станциясын ұрыспен алды, сол сыяқты басқа да бірнеше елді жерлерді, оның ішінде ГЕРНАД-КАК, ГЕРЕМБЕЛЬ, ТОФАЛУ, ВЕЧЬ, ХЕВЕШУГРА, БОЛДОГ, ГАЛГА-ХЕВИЗ қыстақтарын алды.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді және бірсыпыра жерлерде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

18 ноябрьде әскерлеріміз немістердің 17 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен душпанның 25 самолеті атып түсірілді.

* * *

Венгрияда әскерлеріміз душпанның маңызды тіректі қорғану бекінісі — Дьендьеш қаласы мен темір жол станциясын алды. Қала үшін болған ұрыстарда жаудың екі батальоннан аса жаяу әскерлері қырылды. Немістердің 8 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі өртелді, қыйратылды. Әскерлеріміз Галга-Хевиз қыстағын алып, Хатван—Будапешт темір жолына оқ жаудыруда. Екінші бір учаскеде Н. құрамасының бөлімдері душпанның жаяу әскерлері мен танктерінің қарсы атакаларын тойтарып, алға басты, сөйтіп бірнеше елді жерлерді алды. Душпанның оқ-дәрі қойған екі склады қолға түсірілді. Бұл складтардан 70 мыңдай снаряд және 45 мың мина табылды.

Әскерлеріміз күн тәулік ішінде немістер мен венгрлердің 500дей солдаты мен офицерін қолға түсірді.

Иелгава (Митава) қаласының батыс жағында душпанның екі рота жаяу әскерлері алдыңғы шептерімізге жақын келуге тырысты. Совет жауынгерлері мылтықтар мен пулеметтерден оқ жаудырып, жауды жөңкіле кері шегінуге мәжбүр етті. Алдыңғы шебіміздің іргесінде жаудың бірнеше өлігі қалды.

Бомбашы авиациямыз Лашупе темір жол станциясына шабуыл жасады. Немістердің екі әскер эшелонына бомбалардың дәл тигендігі байқалды. Станцияда өрттер шығып, күшті взрывтар болды.

* * *

Шығыс Пруссияда барлаушы топтарымыз қыймыл жасады. Н. бөлімінің барлаушылары түнде топ-тобымен немістердің қорғану бекінісінің ту сыртына өтті. Барлаушылар жауға тұтқыйылдан шабуыл жасап, бір топ гитлершілдерді жойды. Барлаушылар төрт немісті қолға түсіріп, өз бөлімдеріне қайтып келді.

* * *

Қызылтулы Балтық флотының кемелері артиллериядан оқ жаудырып, немістердің 2 күзет катерін суға батырды.

* * *

2-Прибалтық майданында соңғы күндері немістердің 200дей солдаты мен офицері Қызыл Армия жағына шықты. Немістердің 389-жаяу әскер дивизиясының Қызыл Армия жағына шыққан унтер-офицері Франц П. былай деді: «Тукумс мен Либава аралығындағы ауданда неміс әскерлері Шығыс Пруссиядан бөлініп қалғаннан кейін, неміс командованиесі көптеген буйрықтар мен жарлықтар шығарды. Олардың әрқайсысында дерлік солдаттарға үрейленбеу жөнінде әмір берілген. Атып өлтіреміз деп қорқытып, жердің бірде-бір сүйемін бермеу жөнінде бізге қайта-қайта буйрық берілді. Алайда, офицерлердің істеген ісі солдаттарға бұл дивизиялардың жәйі туралы барлық буйрықтарда айтылғандағыдан да артық түсінік берді. Офицерлер өтірікті судай сапырып Германияға қашып кетуге тырысуда. 544-полктің командирі бірденені сылтауратып Гермнияға ұшып кетті. Оның зінше 546-полктың командирі де зытты. Кейбір штаб офицерлері де көзден ғайып болды. Қазір солдаттар былай деп жүр: «Офицерлер біздің жағдайымызды үмітсіз деп есептейді, міне сондықтан да олар кешікпей тұрып өз басын сақтап қалуға тырысуда. Бізде өз қамымызды ойлауымыз керек, әйтпесе біз бұл жерден кете алмаймыз, сөйтіп бәріміз де апатқа ұшыраймыз».

Немістердің 546-жаяу әскер дивизиясының Қызыл Армия жағына шыққан ефрейторы Генрих Т. мынаны айтты: «Офицерлер ешкімге сенбейді. Олар әрбір солдатты аңдуда. Офицерлер әрбір солдаттың бүгін болмаса, ертең өз бетімен алдыңғы шепті тастап, тылға қашып кетуі немесе орыстар жағына шығуы мүмкін деп есептейді. Солдаттарды атып өлтіру туралы хабарлардан құлағың тұнады. Жақын арада ротмистр Баумгар дивизия командирінің буйрығын оқыды. Онда өз шептерін тастап шыққаны үшін атып өлтірілген солдаттардың аты аталған. Немістердің 227-жаяу әскер дивизиясындағы 328-полтің қашып шыққан обер-ефрейторы Генрих Н. мынаны айтты: «Бұдан бірнеше күн бұрын полк командирінің адьютанты 18-армия командирінің өз бөлімдерінен қашып кеткен және тылда ұсталған 30 солдатын атып өлтіру туралы буйрығын естіртті».

А. Я. Вышинскийдің хүрметіне Румынияның бас министрінідегі қабылдау

БУХАРЕСТ, 18 ноябрь. (ТАСС). 17 ноябрьде Румынияның Министрлер Советі Председателінде КСР Одағы Сыртқы Істер Халық Комиссарының орынбасары А. Я. Вышинскийдің хүрметіне қабылдау болды. Қабылдауға А Я. Вышинский, одақтастар комиссиясының мүшелері, Румыния үкметінің барлық министрлері, Румыния әскери топтарының өкілдері, қоғам және саяси қайраткерлері, шет ел және румын журналистері—барлығы 250дей адам қатысты.

ҚЫЗЫЛ АРМИЯ ҚОРЫНА ЖЕКЕ МЕНШІКТЕН АСТЫҚ ТАПСЫРУ ІСІНЕ ҚАТЫСПАҒАН БІРДЕ-БІР КОЛХОЗШЫ, КОМБАЙНШЫ МЕН ТРАКТОРШЫ ҚАЛМАСЫН!

Колхозшылардың тартуы

Колхоз басқармасының кеңсесі колхозшыларға лық толды. Колхоз председателі Муфилов жолдас, аудандық партия комитетінің өкілі Шортанов жолдасқа сөз берді. Шортанов жолдас кемеңгер көсеміміз Сталин жолдастың Октябрь Революциясының 27 жылдығы туралы жасаған тарихи баяндамасын оқый бастады. Бұл мезетте жыйналғандардың барлығы тына қалды. Олардың әр қайсысы көсемнің әрбір сөзін зейін қойып, тыңдады.

Данышпан көсеміздің баяндамасы оқылғаннан кейін колхоз председателі Муфилов жолдас былай деді:

Қазір жауынгерлеріміз неміс аюанның үңгіріне аяқ басты. Сталин жолдас колхозшылардың ел ішіндегі еңбегіне зор баға берді. Бұл біз үшін зор аброй. Өздеріңізге белгілі, колхозымыз бірінші парыз—астық дайындау жоспарын октябрь айында орындап шықты. Мұнымен бірге, Қызыл Армияның жеңіс қорына жоспардан тыс 900 пұт астық тапсырды. 1945 жылдың есебіне берешек ет жоспарын да толық орындадық.

Қызыл Армия жауынгерлерінің Берлин үстіне жеңіс туын тігетін күнін тездету үшін, майданға еселеп көмектесе беруге мүмкіншілігіміз ұшан теңіз. Мен өзімнің меншігімнен Қызыл Армия қорына 12 пұт астық беремін.

Колхозшылар Муфилов жолдастың бұл бастамасын ықласпен қолдады. Ағаш шебері Сатыбалды Дуйсенбаев жолдас.

—Жауынгерлеріміз жауға өлтіре соққы беруде. Колхозда біз де қажірлі еңбек істеп жүрміз. Колхоз басшысы игілікті іс бастап отырса, біздің оны қолдауымыз керек. Мен жеңіс қорына 8,5 пұт астық бөлемін,—деді.

Бұдан кейін сөз сөйлеген колхоз фермасының шопаны Бейсенбай Жұмабаев жолдас мынаны айтты.

—Мен 75 жастамын. Быйыл жаз бойы қой бақтым. Еңбегіме алған астықығымнан Қызыл Армия қорына 9 пұт бидай беремін.

Шопаннан кейін колхоз есепшісі Абдолла Қасымов, колхоз председателінің мал шаруашылығы жөніндегі орынбасары Құдайбергенов жолдастар сөз сөйлеп, әр қайсысы Қызыл Армия қорына 9 пұт астық беретіндігін мәлімдеді. Колхозшы Ғ. Назиев жолдас жеңіс қорына 4 пұт астық тапсырды.

Колхоз председателі Муфилов жолдас Қызыл Армия қорына тапсырылатын астықты есептей бастағанда, Б. Жұсыпова жолдас сөз алды.

—Менің,—дейді ол,—екі ұлым майданда жүр. Олар неміс басқыншыларды аяусыз соққылауда. Қызыл Армия қорына мен 5,5 пұт астық беремін.

Міне, «Екпінді» колхозының мүшелері данышпан көсеміміз Сталин жолдасқа және батыр Қызыл Армияға деген сүйіспеншіліктерін осылай бейнеледі. Олар Қызыл Армияның жеңіс қорына 204 пұт астық жыйнады. Келесі күні Рабиға Кенжабаева басқарған керуеншілер бұл астықты дайындау орнына жеткізді.

Совет отаншылары сүйікті көсеміміз және кемеңгер қолбасшымыз Сталин жолдастың ел еңбекшілеріне берген зор бағасына осылай жауап беруде.

А. АНТОНЕНКО.

ИГІЛІКТІ ІСКЕ ЖАППАЙ ҚАТЫСУДА

Совет ауданының колхоздарында Киров атындағы колхоз мүшелерінің үлгісі бойынша, колхозшылардың меншіктерінен Қызыл Армия қорына астық тапсыру ісі күннен-күнге өріс алуда. Қызыл Армияның астық қорын барған сайын молайта беру үшін, жеңіс қорына «Көктерек» колхозының (председателі Құсайнов жолдас) мүшелері 210 пұт, Ленин атындағы колхоздың (председателі Ламош жолдас) мүшелері 300 пұт және «Үш қызыл» колхозының (председателі Естаева жолдас) мүшелері 600 пұт астық тапсырды.

Қызыл Армия қорына өз меншіктерінен астық тапсыру ісін «Сартомар» колхозының мүшелері де зор өрлеумен өткізді. Колхоз председателі Әубәкіров жолдас 7 пұт, оның мал шаруашылығы жөніндегі орынбасары Зарялин жолдас 4,5 пұт астық тапсырып, Қызыл Армияның астық қорын үздіксіз молайта беруде тамаша үлгі көрсетті. Колхозшылар Жұманов, Жұманова, Өтегенов және Мұқашев жолдастар жеңіс қорына өз меншіктерінен астық тапсыруға белсене қатынасты.

«Жаңа тілек» колхозы председателінің мал шаруашылығы жөніндегі орынбасары Көшенов жолдас өз меншігінен Қызыл Армия қорына 9 пұт астық тапсырды.

Колхоз председателі Бейсембин, есепші Омаров жолдастардың әрқайсысы жеңіс қорына 7 пұт астық берді. Колхозшы Сыздыкова, Исембердин және Қошқарбаева жолдастар жеңіс қорына өз меншіктерінен астық тапсыруда тамаша үлгі көрсетті.

Қызыл Армия қорына колхозшылардың өз меншігінен астық тапсыру жұмысы қызу жүргізіліп жатыр.

Қ. ЖАҚЫПОВ.

ТУЫСҚАН ЖАУЫНГЕРЛЕР, СІЗДЕРГЕ

Элеваторға баратын жол бойы леклек керуеншілер. Келе жатқен керуеннің қызыл туында «Майданға астықты мол берейік!»—деген ұран жазылған.

Бір керуенді Кривоносова жолдас басқарып келеді. Бұл «Марс» колхозының керуеншілері еді. Олар Қызыл Армия қорына жоспардан тыс тапсырылатын астықты әкеле жатыр.

Элеваторда колхозшыларды аудан басшылары қарсы алды. Аудандық партия комитетінің секретарі Охременко жолдас митингі ашып, социалистік жарыста үздік шыққан, сөйтіп еліміз бен майдан алдындағы міндеттемелерін аброймен орындаған колхозшыларды құттықтады.

Митингіде колхоз председателі Липко жолдас сөз сөйлеп, былай деді:

—Біздің колхозшылар мен колхозшы әйелдер, қарттар мен жас өспірімдер быйылда жан аямай еңбек істеді. Осының нәтижесінде мол егін өсірілді. Мемлекет алдындағы міндетті борыш—астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындады.

«Марс» колхозы мемлекетке 18300 пұт астық тапсырды. Колхозшылар мұнымен тынбады. Кеңестік Украина колхозшыларының бастамасы бойынша, Қызыл Армия қорына 15 мың пұт астық тапсыруға міндеттенді.

Колхозшылар сөздерін іспен ақтады. 15 ноябрьге дейін Қызыл Армия қорына жоспардан тыс 15500 пұт астық тапсырды.

Туысқан жауынгерлер сіздерге, біз не керектің бәрін барған сайын мол береміз. Ал, Сіздер неміс жыртқыштарды тезірек жойып, Берлин үстіне жеңіс туын тігетін болыңыздар,—деді керуеншілер.

Митингіде, үздік шыққан керуеншілерге бағалы сыйлықтар тапсырылды.

Т. АСАНОВ.

ӨНЕРКӘСІП ОРЫНДАРЫНДА

Комбинат жұмысшыларының қажірлі еңбегі

Кемеңгер көсеміміз Сталин жолдастың тарихи бұйрығымен жігерленген Петропавлдағы ет комбинатының жұмысшылары ноябрь айының өндірістік жоспарын бұйым өндірудің барлық түрінен 120 процент орындауға бір ауыздан уәде берген болатын. Комбинат коллективі өзінің бұл міндет темесін аброймен орындауда. Комбинат ноябрь айының алғашқы он күніндегі өндіріс тік жоспарды 101 процент орындап, көрнекті нәтижеге ие болды.

Колбаса жасайтын цехтың жұмысшылары өткен он күн бойына сталиндік вахтаға тұрып, күнделік жұмыс мөлшерін 105—120 процент орындауға жетісті.

Мал союшылар цехының жұмысшылары ноябрь айының өндірістік жоспарын 130 процент орындау үшін тынбастан жұмыс істеп, ноябрь айының онкүндік жұмыс тапсырмасын едәуір артығымен орындады, сөйтіп олар комбинатта бірінші орынға ие болды.

Стахановшылар Исакова, Жүсіпова, Сидоров жолдастар тапсырманы үнемі 200—250 процент орындап, батыр Қызыл Армияға қажірлі еңбек істеумен көмектесуде.

Е. МАЛАЕВ.

Алдыңғы қатарлы бригада

Мамонтов жолдас директор болып істейтін заводта Иван Загребельный жолдас басқарған комсомол-жастар бригадасының мүшелері- іс үлгісін көрсетіп жүр. Бригада өткен айдың өндірістік тапсырмасын 290 процент орындаған болатын.

Кемеңгер көсеміміз Сталин жолдастың Октябрь революциясының 27 жылдығы туралы тарихи баяндамасымен жігерленген жас стахановшылар бір айда үш айлық тапсырманы орындауға міндеттенген еді. Қазір олар міндеттемені аброймен орындап шығу үшін аянбай жұмыс істеуде.

Жуықта бригада өте тығыз тапсырма алды. Тапсырманы орындау үшін 66 сағат уақыт берілді. Жас слесарьлар Смаиыл Құснитденов, Галиулин және коммунист Дорошенко жолдастар бұл тапсырманы орындауға білек сыбана кірісті. Олардың ынтымақтасып еңбек істеуі нәтижесінде тапсырма 12 сағат ішінде толық орындалды. Бригада бұл кезде күнделік жұмыс тапсырмасын үнемі 550 процент орындап отырды.

Г. ШӘРІПОВ.

ӨНІМДІ ЕҢБЕК

Петропавлдағы «Швейник» қолөнершілер артелінің жұмысшылары еңбек өнімін анағұрлым арттырып, ноябрь айының бірінші жартысындағы өндірістік жоспарды 125 процент орындады. Киім тігу цехының жұмысшылары бұйым өндіру жоспарын 130 процент орындап, үлгі көрсетті.

Бұл айда аяқ киім тігу цехының жұмыс шылары да айтарлықтай табысқа жетуде. Цех жұмысшылары 15 күндік жұмыс жоспарын едәуір артығымен орындап, жоспардан тыс 5 мың сомның көпшілік қолды бұйымдарын өндірді. Таңдаулы жұмысшылар Козулина, Дорохова, Рудакова жолдастар жұмыс мөлшерін 200—300 процент орындап жүр.

М. ЕРГАЛИЕВ.

ҚАЗАҚ КИНО СУРЕТІ ШЕТЕЛДЕРДЕ КӨРСЕТІЛДІ

Алматының кино студиясы шығарған «Қазақ кино-концерті» фильмі (авторы Қ. Сиранов пен С. Тимошенко) 15 елде, оның ішінде Англияда, Австралияда, Иранда, Америка Құрама Штаттарында, Иракта, Түркияда, Индияда және басқа елдерде көрсетілуде.

Шетел баспасөзі бұл киносуретке арналған мақалаларында қазақ көркем өнерінің өскендігін атап көрсетуде. **(ҚАЗтаг).**

Уақытша бітім туралы Келісімді орындау жөніндегі Болгария комиссиясының мәжілісі

СОФИЯ, 17 ноябрь. (ТАСС). Уақытша бітім туралы Келісімді орындау жөніндегі камиссия қасындағы Кеңестің алғашқы мәжілісі болды.

Кеңесте уақытша бітім шарттарын орындау туралы мәселе қаралды. Бұл қарар бойынша, болгар әскерлері жаулап алған кезде Югославия және Греция жерінен мемлекеттік, қоғам, кооператив ұйымдары мен мекемелер, сол сияқты ресми және жеке адамдар тасып әкеткен мүліктерді ресми және жеке адамдардың бес күн мерзім ішінде тізімге алуға тиіс екендігі айтылған.

Финляндия соғыс кезінде совет жерінен тасылып әкетілген жабдықты қайтаруда

ПЕТРОЗАВОДСКІ, 18 ноябрь. (ТАСС). Финляндиямен уақытша бітім туралы Келісімнің 14-статьясы негізінде, Петрозаводскіге 75 вагон, Кандопогке 20 вагон жеткізілді, бұл вагондарға соғыс кезінде совет жерінен Финляндияға тасылып әкетілген бағалы мүлік пен материалдар тиелген. Электр жабдықтаулары, крандар, вагонеткалар, мұзей мүліктері тағы басқа заттар жеткізілді .Бұл мүлік республиканың кәсіп орындары мен мекемелеріне бөлінеді, Онега машина құрылысы заводы он вагон жабдықтау алғалы отыр. Н. қағаз комбинаты, Ақ теңіз-Балтық каналының басқармасына едәуір жабдықтау қайтарылып беріледі.

Немістердің самолет-снарядтары Англия үстінде

ЛОНДОН, 19 ноябрь. (ТАСС). Англия хабаршы министрлігінің мәлімдеуі бойынша, 19 ноябрьде таң алдында аяқталған төулік ішінде самолет-снарядтар Оңтүстік Англияға шабуыл жасады. Зиян болды, адам өлімі бар.

Англия авиациясының Ганнувер мен Висбаденге шабулы

ЛОНДОН, 19 ноябрь. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, Англия авиация министрлігінің мәлімдемесінде, 18 ноябрьде кешкілікте Англия авиациясының Ганнувер мен Висбаденгі соғыс орындарын бомбалағандығы айтылған.

Болгарияда фашистер тұтқынға алынуда

СОФИЯ, 17 ноябрь. (ТАСС). Мемлекеттік өкмет орындарының журналистерге жасаған мәлімдемесі бойынша, Болгарияда 70 шамалы жазушылар, журналистер, суретшілер және ұлт нәсихаты дирекциясының чиновниктері тұтқынға алынған. Қазір олардың фашисшіл әрекетін талдап тексеру ісі жүргізіліп жатыр.

Жауапты редактор
Ө. ОСПАНОВ.

«Октябрь кино-театрында
Бүгін және күн сайын

«МЕН ҚАРА ТЕҢІЗШІМІН» деген көркем суретті дыбысты фильм көрсетіледі.

Сеанстар кешкі сағат 4—6—8—10да басталады. Касса күндізгі сағат 3 тен бастап ашық.

* * *

«Ударник» кино-театрында
Бүгін және күн сайын

«ДАУЫЛ» деген көркем суретті дыбысты фильм көрсетіледі.

Сеанстар кешкі сағат 6—8—10да басталады. Касса күндізгі сағат 3тен бастап ашық.

Редакцияның адресі: ҚКСР Петропавл қаласы. Ленин көшесі 12 Полиграфия және издательство басқармасының баспаханасы. УШ 00588.